

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ АУМАҚТАРДА ҚҰРЫЛЫС САЛУ МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНДАҒЫ СӘУЛЕТ-ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУЫ ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 23 наурыз N 289. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996.01.24. N 88 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы"
Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Министрлік жанынан Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама бас
басқармасының негізінде жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс
сараптамасы департаментін (Мемсараптама), Мемлекеттік сәулет-құрылыс
бақылау департаментін (Мемсәулет-бақылау) - және Сәулет-қала құрылысы
қызметін мемлекеттік лицензиялау департаментін (Мемқұрылыслицензия)
олардың облыс орталықтарындағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы
аумақтық құрылымдарын қоса құру туралы Қазақстан Республикасы Құрылыс,
тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің ұсынысы қабылдансын
.

Аталған департаменттерді қаржыландыру шаруашылық есеп пен өзін-өзі
қаржыландыру шарттары негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Құрылыс, тұрғын үй және
аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесіп, бір ай мерзімде жобалардың
мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы, Мемлекеттік сәулет-құрылыс
бақылау және Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау
департаменттері қызметкерлерінің еңбекақы қоры шарттарын әзірлеп, бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда
құрылыс салу министрлігі 2 ай мерзімде:

- жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы департаменті,
Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаменті және Сәулет-қала
құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті туралы ережелерді
әзірлеп, бекітсін.

- құрылыс сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға арналған
қаражатты, құрылыстардың ведомстволық тиесілігіне, меншік нысандары мен
қаржыландыру көзіне қарамастан, олардың сметасына енгізу тәртібін, осы

қаражатты аудару мен пайдалану тәртібі әзірлеп, бекітсін.

4. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаментін құру тапсырыс берушілерді, мердігерлерді, жобалау ұйымдарының авторлық қадағалауын құрылыс-монтаж жұмыстары мен құрылысы аяқталған объектілердің сапасы үшін жауапкершіліктен айырмайды деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі мен Әділет министрлігі басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, 3 ай мерзімде "Құрылыс саласындағы құқық бұзушылық үшін заңды ұйымдардың жауапкершілігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері 2 ай мерзімде жаңадан құрылып жатқан департаменттер мен олардың аумақтық бөлімшелеріне қажетті қызметтік үй-жайлар бөлсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті департаменттердің және олардың облыстардағы бөлімшелерінің жылжымайтын мүлкі мен дүние-мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне табыстайтын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі департаменттер мен олардың аумақтық бөлімшелеріне қажетті мөлшерде үкіметтік және қалалық телефон байланысы нөмірлері бөлінуін көздейтін болсын.

9. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері

жергілікті жерлерде департаменттер бөлімшелерін ұйымдастыруға көмек көрсетсін.

10. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі мен әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, 2 ай мерзімде республика Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК